1:100 000 және 1:50 000 масштабтарындағы карталар негізінен Асубұлақ кен алаңын, сәйкесінше, M-44-95-А және M-44-95-В картографиялық беттерін қамтиды. Картографиялық материалдар Лопатников В.В., Нечаев А.В., Николенко А.Е., Майорова Н.П., Азовский Ю.Г., Кашцев В.Ф. және Введенский Р.Р. авторлары құрастырған сызбалар мен карталардан жинақталып алынған. 1:100 000 масштабында келесі карталар қолданылды: құрылымдық-тектоникалық схема, схемалық геоморфологиялық карта. 1:50 000 масштабында келесі карталар қолданылды: Геологиялық карта, Пайдалы қазбалар картасы, Ауырлық күшінің қалдық ауытқуларының картасы, Қайталама шашырау және қалыптан тыс нүктелер картасы (*Be, Nb, W, Sn*), Қайталама шашырау және қалыптан тыс нүктелер картасы (*Li, Cs*).

Түпнұсқа ретінде қолданылған геологиялық карталар архивтік қорлардан, соның ішінде жарияланған және ішкі есептік материалдардан алынды. Бұл карталар мемлекеттік геологиялық барлау бағдарламалары аясында далалық түсірістер мен геофизикалық зерттеулер негізінде жасалғандықтан, сенімді дереккөздер болып табылады.

Сонымен қатар, геологиялық ГАЗ мәліметтер базасын құрастыру үшін, дәстүрлі геологиялық емес, қосымша материалдар ұсынылды. Олардың ішінде қашықтықтан зондтау мәліметтері, жергілікті жердің жер бедерінің сандық үлгісі және биіктіктер картасы (сурет 3).



Сурет 3. ГАЗ мәліметтер базасының құрылымы.
Figure 3. Structure of the GIS database.
Рис. 3. Структура базы данных ГИС.

Жерді қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып, геологиялық картаны орындау үшін спутниктік суреттер алынды. Спутниктік суреттерді дұрыс таңдау бірнеше себептерге байланысты геологиялық картаға түсіру үшін өте маңызды: деректердің дәлдігі мен егжей-тегжейі; спектрлік сипаттамалар; маусымдық және уақытша өзгерістер; кедергілерді азайту.

Спутниктік суреттердің ажыратымдылығы (кеңістіктік, спектрлік, радиометриялық және уақытша) геологиялық объектілерді анықтау және сипаттау қабілетіне тікелей әсер етеді. Жоғары ажыратымдылық шағын құрылымдарды егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік береді, ал төмен ажыратымдылық маңызды ерекшеліктерді көрсетпеуі мүмкін. Өр түрлі геологиялық ерекшеліктер (мысалы, тау жыныстарының түрлері немесе минералды ассоциациялар) белгілі бір спектрлік диапазондарда жақсы өзгеруі мүмкін. Қажетті спектрлік жолақтарды түсіретін суреттерді пайдалану геологиялық объектілерді дұрыс анықтау және жіктеу ықтималдығын арттырады. Геологиялық картаға түсіру көбінесе қар, өсімдік жамылғысы немесе жауын-шашын сияқты маусымдық өзгерістерді ескеруді талап етеді. Қолайлы маусымда және қажетті уақыт кезінде түсірілген суреттерді таңдау бұрмалануды болдырмауға көмектеседі және талдаудың дәлдігін жақсартады.

Спутниктік суреттерге бірнеше критерийлер қойылды: каналдар саны, спектралдық диапазон, кеңістіктік дәлдік және қолжетімділік. Геологиялық объектілерді ғарыштық суреттер негізінде ажырату үшін спектралдық диапазон өте маңызды. Көптеген минералдар мен тау жыныстары көрінетін және жақын инфрақызыл диапазондарда ерекшеліктер көрсетілмейді. Оларды жіктеу үшін қысқа толқынды инфрақызыл сәулелері қажет. Жұмысты орындау барысында Landsat-8 және Sentinel-2 спутниктерінен алынған ғарыштық суреттер қолданылды.

Карталарды сандық түрге келтіру

Түрлі қайнар көзден алынған картографиялық материалдарды векторлы карталарға айналдыру үшін бірнеше қадамды орындау қажет: сканерлеу, геореференция (координаталық жүйеге отырғызу), геометриялық және атрибуттық ақпаратты еңгізу.

Алғашқы қадамда, дәстүрлі қағаз карталар сканерленді. Сканерлеу ешқандай қысусыз, 300 dpi дәлдікте өткізіледі. Сонымен қатар, қосымша құрылғылар арқылы муарлық іздер қалмас үшін descreening операциясы орындалды.

Келесі кезеңде сканерленген карталар координаталық жүйеге отырғызылды. Геореференция QGIS бағдарламасында, The Georeferencer Plugin модулі арқылы орындалды². Көпшілік карталар Кеңес Одағында қолданылған Пулково-1942 жаһандық географиялық координаталар негізінде жасалған. Олар, қазіргі таңда көп қолданылатын, WGS-84 координаталық жүйесіне аударылды. Геореференция полиномиалды әдіс бойынша жүргізілді және соңғы шекті қателік 1–2 пиксельге тең.

Өр түрлі масштабтағы карталарды біріктіру үшін барлық растрлық бейнелер бірыңғай координаттар жүйесіне (UTM Zone 44N, WGS84) географиялық тіркелінді. Бұл

²Georeferencer Plugin. URL: https://docs.qgis.org/2.18/en/docs/user_manual/plugins/plugins_georeferencer.html (жүзінген күні 15.07.2024)

процесс барысында бірнеше картада кездесетін бақылау нүктелері (географиялық бағдарлар) қолданылды. Әр түрлі масштабтағы деректерді біріктіру топологияны тексеру және жылжулар мен сәйкессіздіктерді қолмен түзету арқылы жүзеге асырылды.

Геометриялық ақпараттарды енгізу алдында әр геологиялық объект пен бөлімге жеке картографиялық қабат құрылды. Векторизация QGIS бағдарламасында жартылай автоматты әдіспен орындалған, яғни жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін арнайы плагиндер арқылы. Қабаттардың көріну қасиеттерін өзгерту үшін ережелерге негізделген символдау қолданылды. Кеңістіктік деректерді жасағаннан және өңдегеннен кейін келесі қадам ол атрибуттық ақпаратты қосу болып табылады. Атрибуттық деректер әрбір картографиялық қабат үшін реляциялық кестелер түрінде ресімделеді.

Сонымен қатар, аталып өткендей, дәстүрлі геологиялық картографиялық материалдарға қашықтықтан зондтау (КЗ) суреттерінің өңделген түрлері қосылды. Жалпы КЗ материалдары геологиялық карта құруда және пайдалы қазбаларды барлауда кеңінен қолданылады. Мысалы: алтын кен орындарын [6], колчедан [7], мыс-порфир кен орындарын [8] барлау барысында. КЗ деректерін өңдеу үшін RGB combinations және band ratio әдістері қолданылды. Жоба барысында әдебиетте белгілі комбинациялар мен арақатынастар қолданылды (кесте 1).

Кесте 1

RGB комбинациясы және каналдар қатынасы (Band ratio)

RGB combination and channel ratio (Band ratio)

Таблица 1

Комбинация RGB и соотношение каналов (Band ratio)

RGB комбинациялары		
Landsat-8	Sentinel-2	Ерекшелік
2-5-7	2-8-12	Темір оксидтері және саз минералдары
6-7-4	11-4-12	Литологиялық қарама-қайшылықтар
5-7-3	8-12-3	Гидротермиялық өзгерген жыныстар
Каналдар қатынастары (Band ratio)		
6/7	11/12	Гидротермиялық өзгерген жыныстар


Таңдалған каналдар олардың спектралдық сипаттамаларына және геологиялық нысандарды ажыратудағы тиімділігіне байланысты негізделген. Мысалы, 2-5-7 (Landsat-8) және 2-8-12 (Sentinel-2) – бұл комбинациялар темір тотығуы мен саз минералдарына тән спектралдық белгілерді анықтауға мүмкіндік береді, себебі бұл заттар қысқа толқынды инфрақызыл диапазонда (SWIR) ерекше көрінеді. Каналдар 6, 7, 4 (Landsat-8) және 11, 4, 12 (Sentinel-2) – SWIR1, SWIR2 және қызыл (red) диапазондарды біріктіреді. Бұл каналдар жыныстар арасындағы

спектралдық контрастты анықтауға қолайлы. Каналдар қатынасы (мысалы, 6/7 – Landsat-8, 11/12 – Sentinel-2) – SWIR диапазонында орналасқан екі каналдың арасындағы айырмашылыққа негізделген және бұл әдіс әлсіз өзгерістерді күшейтеді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Көптеген қағаз және растрлық карталардың негізінде Қалба-Нарым металлогенді аймағымен, оның құрылымдық бөлігі Асубұлақ пегматиттер алаңының геологиялық ГАЗ мәліметтер базасы құрастырылды. Мәліметтер базасының кешені өзіне келесідей карталар жинағын компонент ретінде қосады: геологиялық, геофизикалық, геохимиялық, геоморфологиялық, геотектоникалық және пайдалы қазбалар карталары. Сонымен қатар, қашықтықтан зондтау мәліметтерінің негізінде құрылған суреттер мен SRTM арқылы жасалған жергілікті жердің жер бедерін көрсететін DEM суреттері бар (сурет 4). Аталған карталар жинағы түрлі масштабта орындалған: 1:1 000 000, 1:200 000, 1:100 000 және 1:50 000.

Сонымен қатар, құрылымдық бұзылулар мен жер бедеріндегі сызықтық элементтерді анықтау мақсатында линеаменттік талдау жүргізілді. Бұл үшін қашықтықтан зондтау жер бедерінің цифрлық үлгісі (DEM) пайдаланылды. DEM негізінде жер бедерінің көлеңкелі бейнелері (hillshade) түрлі жарықтандыру бұрыштарында жасалды. Мұндай тәсіл жер бедеріндегі сызықтық құрылымдарды жақсырақ көруге мүмкіндік берді. Линеаменттер көлеңкелі бейнелерді және геоморфологиялық карталарды визуалды талдау негізінде қолмен цифрландырылды. Бұл әдіс құрылымдық-геологиялық элементтердің кеңістіктік таралуын бағалап, оларды кейінгі геологиялық интерпретацияға қолдануға мүмкіндік берді.



Сурет 4. ГАЗ мәліметтер базасының құрылымы.

Figure 4. Structure of the GIS database.

Рис. 4. Структура базы данных ГИС.

QGIS-ті қолдана отырып, барлық карталар цифрланған және құрылымдалған. Растрларды сандық түрге келтіру барысында геологиялық бірліктер, тектоникалық жырықтар, минералдану контурлары және басқа элементтер

QGIS-те векторлау құралдарының көмегімен векторизацияланды. Тиісті қабаттарға кен денелерінің, литологиялық бірліктердің, геохимиялық ауытқулардың және басқа параметрлердің сипаттамаларын қамтитын атрибуттық деректер қосылды. Деректерді визуализациялау мен талдаудың ыңғайлылығын қамтамасыз ету үшін NextGIS WEB-те интерактивті карта жасалды. Бұл ресурс деректермен өзара әрекеттесу және геологиялық ақпаратты талдау үшін қуатты құралдарды ұсынды.

Барлық цифрланған деректер QGIS-тен экспортталды және NextGIS web платформасына жүктелді. Картаның функционалдық мүмкіндіктері туралы айтылатын болса, онда веб-карта пайдаланушыларға үлкен бөлшектерден (1:50 000) аймақтық шолуларға (1:1 000 000) дейін бірнеше масштабтау деңгейлерінде геологиялық сипаттамаларды көруге және талдауға мүмкіндік береді. Интерактивті геологиялық деректер базасы мен картаны құру Қалба-Нарым кен аймағы мен Асубұлақ пегматит өрісін зерттеу үшін бірқатар маңызды артықшылықтар берді: деректердің дәлдігі мен қол жетімділігін арттыру; әртүрлі деректер түрлерін біріктіру; талдау және болжау әдістерін жетілдіру. Бұл платформа пайдаланушыға ыңғайлы мүмкіндіктер береді. Веб-карта арқылы интерактивті визуализация және навигация мүмкіндігі ұсынылады. Сонымен қатар, жүйеде атрибуттық деректер бойынша сүзгілеу функциясы бар. Пайдаланушы деректерді түрлі параметрлер бойынша іздеп, тек өзіне қажет нысандарды таңдай алады.

Қорытынды

Бұл зерттеу жұмысында Шығыс Қазақстан облысында орналасқан Қалба-Нарым металлогендік зонасы негізінде географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ) мен қашықтықтан зондтау технологияларын қолдана отырып, геологиялық мәліметтер базасын құрудың техникалық шешімдері қарастырылған. Зерттеу барысында әртүрлі геологиялық, геофизикалық және геохимиялық деректер жинақталып, сандық карталар жасалды. Бұл зерттеудің нәтижелері кешенді геологиялық мәліметтер базасы мен интерактивті карталарды құру үшін ГАЗ және ЖҚЗ технологияларын қолданудың маңыздылығы мен тиімділігін көрсетеді. Бұл құралдар деректердің қол жетімділігі мен дәлдігін жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар зерттелетін аймақтардың геологиялық процестері мен ресурстарын толық және терең түсінуге ықпал етеді. Деректерді интеграциялау арқылы геологиялық ерекшеліктерді жан-жақты зерттеу мүмкіндігі пайда болды, бұл пайдалы қазбаларды барлау барысында маңызды рөл атқарады.

Алғыс

Мақала BR24992854 «Шығыс Қазақстан облысының тау-кен металлургия өнеркәсібінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті ғылыми негізделген технологияларды әзірлеу және енгізу» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (ҚР ҒжЖБМ) шеңберінде орындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Лэкстон Дж.Л. Геологиялық картаның бірігуі: OneGeology-Europe және INSPIRE // Геологиялық қоғам, Арнайы басылымдар. 2017. № 408 (1). Б. 147–160 (ағылшын тілінде)
2. Линкевич А.С. Геологиялық материалдарды жүйелеу үшін геопорталдарды пайдалану // «Жер туралы ғылымдардағы ГАЗ технологиялары» студенттер мен жас ғалымдардың респ. ғылыми-тәжіриб. семинардың материалдары, Минск: БМУ, 2021. Б. 160–164 (орыс тілінде)
3. Дьячков В.А. және т. б. (28 ақпан 2021 ж.). Қазақстандағы алтын және сирек металдар минералдануының минералогиялық іздері. «Минералс» журналы. <https://www.mdpi.com/2075-163X/11/3/253> (ағылшын тілінде)
4. Ойцева Т.А. және т. б. (2 желтоқсан 2017 ж.). Қалба сирек кездесетін металл кен орындарының едәуір құрамы туралы жаңа мәліметтер. IOP конференция сериялары: Жер және қоршаған орта туралы ғылым. <https://iopscience.iop.org/article/10.1088/1755-1315/110/1/012018> (ағылшын тілінде)
5. Хромых С.В. және т. б. (16 қараша 2020 ж.). Қалба аймақтың сирек кездесетін металл пегматит кен орындары, Шығыс Қазақстан: Жасы, құрамы және петрогенетикалық әсері. «Минералс» журналы. <https://www.mdpi.com/2075-163X/10/11/1017> (ағылшын тілінде)
6. Болуки С.М. және т. б. (27 желтоқсан 2019 ж.). Иранның солтүстік-батысындағы Ахар-Арасбаран ауданындағы алтынның эпиптермиялық потенциалын картаға түсіру үшін байес желілерін қашықтықтан зондтауға негізделген қолдану. Қашықтықтан зондтау. <https://www.mdpi.com/2072-4292/12/1/105> (ағылшын тілінде)
7. Али-Бик М.В., Хасан С.М., Садек М.Ф. Дариб-Абу-Джурди аймағындағы вулканогендік тальк-мыс кен орындары, Египет: Петрогенез және қашықтықтан зондтау сипаттамасы // Геологиялық журнал. 2020. № 55 (7). Б. 5330–5354 (ағылшын тілінде)
8. Порфирлі мысты барлау үшін ASTER қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып, Иранның Орталық бөлігіндегі Качо-Мескаль аймағындағы өзгерістер мен құрылымдық ерекшеліктерді картаға түсіру / С. Бейги [және т. б.] // Халықаралық кескіндер мен деректерді біріктіру журналы. 2021. № 12 (2). Б. 155–175 (ағылшын тілінде)

REFERENCES

1. Laxton J.L. *Geological map fusion: OneGeology-Europe and INSPIRE* // *Geological Society, Special Publications*. 2017. No. 408 (1). 147–160 pp. (in English)
2. Linkevich A.S. *Ispol'zovanie geoportalov dlya sistematizatsii geologicheskikh materialov [The use of geoportals for the systematization of geological materials], Materialy resp. nauch.-prakt. seminarov studentov i molodykh uchenykh «GIS-tehnologii v naukakh o Zemle» [Materials of the Rep. scientific and practical seminar of students and young scientists «GIS technologies in Earth Sciences»]*. Minsk: BSU, 2021. 160–164 pp. (in Russian)
3. D'yachkov B.A. et al. (28 february 2021). *Mineralogical tracers of gold and rare-metal mineralization in eastern Kazakhstan*. «Minerals» journal. <https://www.mdpi.com/2075-163X/11/3/253> (in English)
4. Oitseva T.A. et al. (2 december 2017). *New data on the substantial composition of Kalba rare metal deposits*. *IOP Conference Series: Earth and Environmental Science*. <https://iopscience.iop.org/article/10.1088/1755-1315/110/1/012018> (in English)
5. Khromykh S.V. et al. (16 November 2020). *Rare-metal pegmatite deposits of the Kalba region, Eastern Kazakhstan: Age, composition and petrogenetic implications*. «Minerals» journal. <https://www.mdpi.com/2075-163X/10/11/1017> (in English)
6. Bolouki S.M. et al. (27 december 2019). *A remote sensing-based application of Bayesian Networks for Epithermal Gold Potential Mapping in Ahar-Arasbaran Area, NW Iran*. «Remote Sensing» journal. <https://www.mdpi.com/2072-4292/12/1/105> (in English)
7. Ali-Bik M.W., Hassan S.M., Sadek M.F. *Volcanogenic talc-copper deposits of Darhib-Abu Jurdi area, Egypt: Petrogenesis and remote sensing characterization* // *Geological Journal*. 2020. No. 55 (7). 5330–5354 pp. (in English)
8. *Alteration and structural features mapping in Kacho-Mesqal zone, Central Iran using ASTER remote sensing data for porphyry copper exploration / S. Beygi [et al.]* // *International Journal of Image and Data Fusion*. 2021. No. 12 (2). 155–175 pp. (in English)

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Лакстон Дж.Л. *Слияние геологических карт: OneGeology-Europe и INSPIRE* // *Геологическое общество, специальные публикации*. 2017. № 408 (1). С 147–160 (на английском языке)
2. Линкевич А.С. *Использование геопорталов для систематизации геологических материалов* // *Материалы респ. науч.-практ. семинара студентов и молодых ученых «ГИС-технологии в науках о Земле», Минск: БГУ, 2021. С. 160–164 (на русском языке)*
3. Дьячков В.А. и др. (28 февраля 2021 г.). *Минералогические индикаторы золотого и редкометалльного оруденения в Восточном Казахстане*. *Журнал «Минералс»*. <https://www.mdpi.com/2075-163X/11/3/253> (на английском языке)
4. Ойцева Т.А. и др. (2 декабря 2017 г.). *Новые данные о значительном составе редкоземельных металлов месторождения Калба*. *Серии конференции IOP: Наука о земле и окружающей среде*. <https://iopscience.iop.org/article/10.1088/1755-1315/110/1/012018> (на английском языке)
5. Хромых С.В. и др. (16 ноября 2020 г.). *Месторождения редкоземельных металлов пегматита региона Калба, Восточный Казахстан: возраст, состав и петрогенетическое влияние*. *Журнал «Минералс»*. <https://www.mdpi.com/2075-163X/10/11/1017> (на английском языке)
6. Болуки С.М. и др. (27 декабря 2019 г.). *Использование байесовских сетей на основе дистанционного зондирования для картирования эпitherмического потенциала золота в районе Ахар-Арасбаран на северо-западе Ирана*. *Журнал «Дистанционное зондирование»*. <https://www.mdpi.com/2072-4292/12/1/105> (на английском языке)
7. Али-Бик М.В., Хасан С.М., Садек М.Ф. *Вулканогенные месторождения талька и меди в районе Дариб-Абу-Джурди, Египет: Петрогенез и описание дистанционного зондирования* // *Геологический журнал*. 2020. № 55 (7). С. 5330–5354 (на английском языке)
8. *Картирование изменений и структурных особенностей в регионе Качо-Мескаль в центральном Иране с использованием данных дистанционного зондирования ASTER для разведки порфировой меди / С. Бейги [и др.]* // *Международный журнал интеграции изображений и данных*. 2021. № 12 (2). С. 155–175 (на английском языке)

Авторлар туралы мәліметтер:

Бекишев Е.Т., докторант, 8D07201 – Геология және пайдалы қазба кен орнын барлау білім беру бағдарламасы бойынша докторант, Жер туралы ғылымдар мектебі (Өскемен қ., Қазақстан), YBekishev@edu.ektu.kz; <https://orcid.org/0000-0001-6608-193X>

Рахымбердина М.Е., Ph.D докторы, Жер туралы ғылымдар мектебінің деканы, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті (Өскемен қ., Қазақстан), MRahymberdina@edu.ektu.kz; <https://orcid.org/0000-0002-2196-6512>

Левин Е., Ph.D докторы, Мехарри атындағы қолданбалы есептеу ғылымдары мектебі (Нэшвилл қ., Теннесси, АҚШ), elewin@mtu.edu; <https://orcid.org/0000-0002-8127-3208>

Капасов А.К., техника ғылымдар магистрі, Жер туралы ғылымдар мектебінің оқытушысы, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті (Өскемен қ., Қазақстан), AKapasov@edu.ektu.kz; <https://orcid.org/0000-0001-7996-8804>

Information about the authors:

Bekishev Ye.T., doctoral student in the educational program 8D07201 – Geology and Exploration of Mineral Deposits at the School of Earth Sciences, D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)

Rahymberdina M.Ye., Ph.D, Dean of School of Earth Sciences, D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)

Levin Evgueny, Ph.D, Professor of Meharry School of Applied Computational Sciences (Nashville, Tennessee, USA)

Kapasov A.K., Master of Technical Sciences, Lecturer, School of Earth Sciences, D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)

Сведения об авторах:



Бекишев Е.Т., докторант по образовательной программе 8D07201 – Геология и разведка месторождений полезных ископаемых, Школа наук о Земле, ВКТУ им. Д. Серикбаева (г. Усть-Каменогорск, Казахстан)

Рахымбердина М.Е., доктор Ph.D, декан школы наук о Земле, ВКТУ им. Д. Серикбаева (г. Усть-Каменогорск, Казахстан)

Левин Е., доктор Ph.D, профессор Школа прикладных вычислительных наук имени Мехарри (г. Нэшвилл, Теннесси, США)

Капасов А.К., магистр технических наук, преподаватель школы наук о Земле, ВКТУ им. Д. Серикбаева (г. Усть-Каменогорск, Казахстан)

ГОРНЫЙ ЖУРНАЛ КАЗАХСТАНА



ПОДПИСКА' 2026 РЕКЛАМНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ СОТРУДНИЧЕСТВО

POST-DTS@YANDEX.KZ / +7 747 343 15 02 / MINMAG.KZ

Код МРНТИ 38.17.17

*Д.Н. Талгарбаева¹, Э.Б. Серикбаева¹, Э.О. Орынбасарова²¹ЖШС «Ионосфера институты» (Алматы қ., Қазақстан),²Геоматика инновациялық орталығы, Satbayev University (Алматы қ., Қазақстан)

ЛИНЕАМЕНТТІК ТАЛДАУДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ АҚТОҒАЙ КЕНОРНЫНДА МЫСТЫ ПОРФИР РУДАСЫНЫҢ ОРНАЛАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫН АНЫҚТАУ

Аннотация. Осы жұмыста із балама әдіс ретінде перспективті учаскелерді анықтауға мүмкіндік беретін, цифрлық жер бедерінің үлгісін (ЦМБ) құрылымдық талдау мен автоматтандырылған линеаменттік талдауды ұсынамыз. Зерттеу шеңберінде ALOS DEM деректері негізінде Ақтоғай кен орнының линеаменттік өрісі құрылып, ұзындығы 3 км-ден асатын 90-нан астам құрылым анықталды. Линеаменттер тығыздығының картасы мен роза-диаграммасы жасалып, Ақтоғай, Ықбас, Оңтүстік-Қолдар сияқты ірі жарылымдар болжамды түрде картаға түсірілді. Линеаменттердің жоғары тығыздығы – рудалану үшін қолайлы жоғары өткізгіштік аймақтарының көрсеткіші. Алынған нәтижелер бұрын жүргізілген өңірлік зерттеулермен жақсы сәйкеседі. Линеаменттік талдауды кешенді геологиялық барлауда қолдану геологиялық жағдайларды дәлірек бағалауға, сондай-ақ пайдалы қазбаларды іздеу мен бағалау тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Түйінді сөздер: линеаменттік талдау, жер бедерінің сандық үлгісі, ALOS DEM, мысты порфир кенорны.

Application of lineament analysis to identify patterns of copper-molybdenum ore localization at the Aktogay deposit

Abstract. This study proposes an alternative method – structural analysis of a Digital Elevation Model (DEM) using automatic lineament analysis to identify promising areas for detailed investigation. Using the ALOS DEM, we analyzed the Aktogay deposit and generated a lineament field consisting of more than 90 structures with lengths exceeding 3 km. A lineament density map and rose diagram were created, revealing several major fault zones – the Aktogay, Ikbass, and South-Koldar faults. Increased lineament density indicates zones of enhanced permeability, favorable for ore formation processes. The results show good correlation with previous regional studies. The application of lineament analysis in an integrated exploration framework contributes to a more accurate and informed assessment of geological conditions, improving planning and decision-making in various fields such as geology, geophysics, and mineral resource evaluation.

Key words: lineament analysis, DEM, ALOS DEM, remote sensing in geology, Aktogay deposit, copper-molybdenum deposit.

Применение линеаментного анализа для выявления закономерностей локализации медно-порфирового оруденения на месторождении Ақтоғай

Аннотация. В данной работе предлагается альтернативный метод – структурный анализ цифровой модели рельефа (ЦМР) с использованием автоматического линеаментного анализа для выявления перспективных участков. На примере Ақтоғайского месторождения была проанализирована ЦМР ALOS DEM, на основе которой построено линеаментное поле из более чем 90 структур протяженностью свыше 3 км. Построены карта плотности и роза-диаграмма, позволившие выделить предполагаемые крупные разломы – Ақтоғайский, Ықбаский и Южно-Колдарские. Повышенная плотность линеаментов указывает на наличие зон повышенной проницаемости, способствовавших формированию рудных тел. Полученные данные хорошо согласуются с результатами предыдущих региональных исследований. Метод линеаментного анализа может быть эффективно использован в комплексной геологоразведке, улучшая понимание тектонических условий и повышая эффективность прогноза и оценки минеральных ресурсов.

Ключевые слова: линеаментный анализ, ЦМР, ALOS DEM, ДЗЗ в геологии, Ақтоғайское месторождение, медно-порфировое месторождение.

Кіріспе

Кез келген мемлекеттің геологиялық барлаудағы негізгі және өзекті міндеті ел экономикасының табысты өсу факторларының бірі болып табылатын минералдық-шикізат базасын кеңейту болып қала береді. Бұл міндетті шешу үшін, әсіресе кен өндіретін аудандарды анықтау кезінде, ең алдымен белгілі және игеріліп жатқан кен орындарының қапталдары мен терең горизонттарындағы іздеу-барлау жұмыстарының ауданын кеңейту қажет. Сондықтан кенжаралу факторлардың қалыптасу заңдылықтарын және минералдану процестерін бақылайтын геологиялық-құрылымдық жағдайларды зерттеу саласында жүргізілген ізденістердердің маңызды бөлігі болып табылады. Осыған байланысты, өңірлік және жергілікті деңгейлердегі кенбақылаушы құрылымдарды талдау олардың кенорындардың қалыптасуы мен орналасуына әсерін айқындау үшін маңызды болып табылады. Бұл іздестіру жұмыстарының ерекшеліктерін анықтауға және жаңа зерттеулер үшін болжаудың жаңа критерийлерін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Кенбілімдерді зерттеуде қолданылатын құрылымдық талдаудың негізгі міндеті жер бетінің деформациясының кеңістікте тау жыныстарының өткізгіштігі өзгеруіне қалай әсер еткенін анықтау болып табылады. Сонымен бірге, оның мақсаты кендердің шоғырлануын болжау болып табылмайды, тиісінше пайдалы қазбалар кен орындарын айқындауға арналмаған. Алайда ықтималды минералдан-

дырылған құрылымдардың орналасуын, нысанын, дамуын және механикасын танудың арқасында құрылымдық геология пайдалы қазбаларды барлауда құнды құралға айналуда.

Құрылымдық талдау жер қыртысының әртектілігін анықтауға мүмкіндік береді, ол жаралымдар, жарықшақтар, тектоникалық бұзылулар, тегістеу жазықтықтары немесе қабатталу жазықтықтар, сақиналық құрылымдар сияқты нысандарда көрінуі мүмкін. Бұл линеамент түріндегі әртектілік жебеттік картаға түсіру жолымен ғана емес, сонымен қатар аэрофотосуреттер мен спутниктік бейнелер сияқты қашықтықтан зерделеу деректерін пайдалану да анықталуы мүмкін. Мысалы, келесі жұмыстың авторлары [1] автоматтандырылған линеаменттік талдаудың көмегімен ықтималды минералдану аймақтарын бөлу үшін құрылымдық талдауды пайдаланды. Талдауда линеаменттердің тығыздығы мен минералдық потенциал туралы ақпарат арасындағы өзара байланысқа негізделетін литий-құрылымдық тәсіл пайдаланылды. Келесі зерттеуде [2] Landsat-8 OLI және ASTER-GDEM деректерін пайдалана отырып, таулы аудандарда линеаменттерді картаға түсірудің тиімділігін көрсетілді. Жүргізілген жұмыстардың негізінде линеаменттерді автоматты түрде алу әдісі бұрынғы геологиялық деректермен салыстырғанда ақпараттылықты арттыруға және құрылымдық ерекшеліктердің картасын жасауға мүмкіндік беретіні туралы қорытындылар жасалды.

Ұсынылған әдістеменің мақсаты дәстүрлі әдістер кезінде бұрын байқалмаған заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін мысты порфир рудалануының окшаулануын зерттеу үшін құрылымдық линементтік талдауды пайдалануды қамтиды. Бұл кенорындарын болжау үшін жаңа критерийлер әзірлеуге мүмкіндік береді, мұның өзі минералдық ресурстарды іздестіру және бағалау әдістерін едәуір жақсартуы мүмкін.

Зерттеу жаңалығы деректерді өңдеудің озық әдістерін, соның ішінде автоматты түрде линементтерді бөлуге арналған бағдарламаларды қолданудан тұрады, осы әдіс нәтижелердің дәлдігі мен тиімділігін едәуір арттырады.

Зерттеу аумағы

Қарастырылып отырған аумақтың географиялық орналасуы Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданына жатады. Қолдар интрузивті массиві Катан-Емел-Бақанас құрылымдық-формациялық аймағының буындарындағы Ақтоғай жүйесіне орайластырылған және кіші ендікті Ақтоғай терең жарылымымен бақыланады. Топографиясы биіктігі 5–30 м-ден аспайтын және абсолюттік белгілері 390–470 м-ден аспайтын (1-сурет) шағын адырлар мен Қолдар аласа тауларынан тұрады.




**Сурет 1. Шолу картасы.
Figure 1. Overview map.
Рис. 1. Обзорная карта.**

Геологиялық құрылысы және зерттелуі. Ақтоғай кенорны Ақтоғай рудалы алаңының бір бөлігі болып табылады, ол сондай-ақ Айдарлы және Қызылқия мысты порфир кенорындарынан тұрады. Руда алаңы орта-жоғарғы карбонның керегетас свитасының вулканииттерін жарып өтуші және жоғарғы карбон-төменгі пермнің қолдар свитасының жанартаутекті-шөгінді жыныстарымен жабылған Қолдар гранитоидты интрузиясына қатысты. Қолдар массиві лакколлит пішінінде болады, оның құрамында үш фаза бар: бірінші – габбро-диориттер, габбро-диабаздар, диориттер, гранодиориттер; екінші – биотитті граниттер; үшіншісі – порфир тәрізді граниттер, гранит-порфирлер [6]. Ақтоғай кенорны орталықта, Айдарлы батыс бөлігінде, ал Қызылқия массивтің шығыс бөлігінде орналасқан.

Тектоника. Қолдар массивінің кенді алқабы Бақанас синклинийінің оңтүстік-шығыс жағалау бөлігінде, Жоңғар-Балқаш бүктемелі жүйесінің андезитоидты интрузивті жанартаулы герцин Балқаш-Іле белдеуінің солтүстік-шығыс сегментінде орналасқан. Металлогендік тұрғыдан алғанда бұл жанартау-плутониялық құрылым Қаратас, Қоңырат, Саяқ және Ақтоғай кенорындарын, сондай-ақ бірқатар шағын кенорындар мен кенбілімдерін қамтитын Балқаш мыс кенорындарының белдеуі ретінде қаралуы мүмкін.

Осы массивтің геологиялық құрылымы мен кенденуінде негізгі сәттерді ұзақ өмір сүретін жарылымдар мен тектоникалық бұзылулар ойнайды. Олардың көбі геологиялық құрылымның бастапқы кезеңінде қалыптасып, альпілік кезеңге дейін дамуын жалғастырды. Негізгі кенбақылаушы айырылымды бұзылыстардың солтүстік-шығыс, кіші ендік және солтүстік-батыс бағыттары бар. Ең маңыздылары солтүстік-батыс бағыты бар Ықбас және Ақтоғай ірі жарықшақтары, солтүстік-шығыс жазықшасы бар Қолдар, Кіші Қолдар және Оңтүстік Қолдар жарылымдары, сондай-ақ субендік созылымы бар Қызылқия және Оңтүстік Қызылқия жарылымдары болып табылады (сурет 2). Рудалылық учаскелер перспективалылығын айқындайтын жалпы геологиялық факторларға ірі жарылымдардың қиылысу аймақтарына ұштастырылуын жатқызуға болады. Мысалы, Ақтоғай, Қолдар, Кіші Қолдар және Оңтүстік Қолдар сияқты ірі жарылымдардың қиылысу түйіндерінің аймақтары Ақтоғай және Айдарлы кенорындары үшін қолайлы жағдай қалыптастырды. Ал Қызылқия кенорнының қалыптасуына ірі Ықбас және Оңтүстік-Қолдар жарылымдарының бөлінуі тікелей әсер етті.



**1 – орташа түйіршікті граниттер; 2 – микрозернисті граниттер, гранит-порфирлер; 3 – гранодиориттер, кварцты диориттер; 4 – пегматиттік құрылымы бар ұсақ дәнді диориттер; 5 – монзониттер; 6 – құрамында кварц бар порфирлі диориттер; 7 – габбродиориттер; 8 – базальтты порфириттер; 9 – андезит-базальт порфириттері; 10 – қышқыл құрамның вулканогенді-шөгінді қалыңдықтары; 11 – дацитті порфирлер; 12 – магниттік қасиеттері бойынша бөлінген жыныстардың шекаралары; 13 – Қолдар интрузивінің жер бетіне шығуының сыртқы шекарасы; 14 – кен аймақтары:
1 – Айдарлы, 2 – Ақтоғай, 3 – Қызылқия**

Сурет 2. Қолдар интрузивті массивінің схемаланған геологиялық картасы [7].

Figure 2. Schematic geological map of the Koldar intrusive massifs [7].

Рис. 2. Схематическая геологическая карта Колдарского интрузивного массива [7].

Материалдар және әдісі

Алға қойылған міндет үшін ол ағымдағы геологиялық білімді кеңейтуге және әлеуетті орындардың басымды-

ғын айқындау арқылы барлаудың болашақ кезеңдерін басқаруға мүмкіндік беретін қашықтықтан зондау әдістері пайдаланылды. Бастапқы деректер ретінде, зерттеу аумағын бір кадрмен жабатын және кеңістіктік дәлдігі 12,5 м болатын ALOS жер бедерінің сандық үлгісі талданды.

Геологиялық линеаменттерді 2 әдіспен анықтауға болады: қолмен істелетін және автоматты түрде. Геологиялық линеаменттерді анықтау қолмен істелетін интерпретациялауға (визуалды түрде, маманның тәжірибесіне көбірек тәуелді) қарағанда, автоматты түрде тезірек және тиімдірек болып саналады. Геологиялық мағынаны білдіретін линеаменттерді дәл анықтау күрделі тапсырма болып табылады. Ол анықталған сызықтарды мұқият бақылап, оларды геологиялық емес сызықтармен шатастырмау үшін өңдеуші маманның зерттелетін аймақтың геологиялық құрылымы туралы көбірек тәжірибе мен білімнің болуын талап етеді.


Зерттеуде PCI Geomatica бағдарламалық өнімінің LINE модулі арқылы автоматты түрде анықтау әдісі қолданылды. Бұл алгоритмдер үш кезеңмен орындалды: шекараны анықтау, шекті анықтау және қисықты алу. LINE модулі кескіннен линеаменттерді шығарып, алты параметрмен векторлық пішінге түрлендіреді. Бұл зерттеуде мүмкін болатын жарылым сызықтарын анықтау үшін ұзындығы 600 м-ден астам линеаменттер қаралды. Қалған шектер зерттеулердің ұсыныстарынан алынды. Әрбір параметрге берілген мәндер тіркелмеді, олар жергілікті жерге және оның топографиясына, талданатын бейненің түріне және дәлдігіне байланысты ерекшеленетін болады.

Автоматты өңдеу кезеңінде алынған векторлық нәтижелер «жалған» құрылымдар – жолдар, темір жолдар, ғимараттар және т.б. сияқты болуына қолмен талдау кезеңінен өтеді., сонымен қатар жоғарғы ажыратымдылықтарға ие суреттермен көзбен салыстырылып тексерулерден өтеді. Нәтижесінде RockWorks бағдарламасында линеаменттердің азимуттық бағдарының тенденциясын анықтау үшін роза-диаграммалар жасалды. Сонымен қатар, ArcGIS-тегі тығыздық құралының көмегімен линеаменттер тығыздығының картасы жасалды. Бұл құрал тығыздық шамасын ұзындықты ұяшық ауданына бөлу жолымен есептеген, өлшем бірлігі $\text{км}/\text{км}^2$ пайдаланылды.

Нәтижелер

Линеаменттер 12,5 метрлік ALOS жер бедерінің сандық үлгісін көлеңкелік кескіндеу суретіндегі үш бағытынан алынды. Линеаменттерді автоматты түрде алу және қолмен жасалатын әдіспен іріктеу нәтижесінде ұзындығы 3370 метрге дейін жететін 91 объекіден тұратын линеаменттік өріс алынды. Келесі кезең линеаменттердің тығыздығын есептеуді және роза-диаграммаларды құруды қамтитын линеаменттік өрістің сандық көрсеткіштерін есептеу болып табылды (3а-сурет). ALOS DEM бойынша линеаменттердің тығыздығын картаға түсіру зерттелетін аумақтың тектоникалық жарылымдарын анықтады, олар осы жұмыста жер қыртысының жарылымдары ретінде түсіндіріледі. Бұл жарылымдар сызықтық сипатқа және зерттелетін

аумақтың жер қыртысының құрылымдарымен байланысты барлық сипаттамаларға ие. Линеаменттердің есептік тығыздығы 0-ден $0,032 \text{ км}/\text{км}^2$ -ге диапазоны аралығында ауытқиды, бірақ $0,004$ -тен $0,032 \text{ км}/\text{км}^2$ -ге дейінгі ауқым зерттеу үшін барынша қызығушылық тудырады (3б-сурет).



Сурет 3. (а) Линеаменттік өріс, (б) линеаменттердің тығыздығы, (в) линеаменттердің роза-диаграммасы, (г) линеаменттің ұзындығына арналған гистограмма кестесі.


Figure 3. (a) Lineament field, (b) lineament density, (c) lineament rose diagram, (d) lineament length histogram.

Рис. 3. (а) Поле линеаментов, (б) плотность линеаментов, (в) роза-диаграмма линеаментов, (г) гистограмма длины линеаментов.

Линеаменттердің ұзындығы, жиілігі және таралуы сияқты негізгі сипаттамаларын анықтау үшін талдау жүргізілді. Осындай сипаттамалардың бірі солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс бағыттағы жарықшақтылықтың басым екенін көрсететін линеаменттік өріс негізіндегі роза-диаграмма болып табылады (3в-сурет). Линеамент ұзындығына арналған гистограмма кестесі зерттелетін ауданда линеаменттер ұзындықтарының бөлінуін визуалды бейнелеуді білдіреді. Кестеде шыңдардың болуы 600-ден 1000 метрге дейінгі диапазондағы линеаменттер зерттелетін аумақта басым екенін көрсетеді (3г-сурет).

Валидация үшін Қолдар интрузивтік массиві мен Ақтоғай кенорнының схемаланған геологиялық картасынан алынған жарылымдарға арналған роза-диаграмма жасалды (2, 3-суреттер). Роза-диаграммада (4в-сурет) көрсетілген жарылымдар солтүстік-шығыс, субендік және солтүстік-батыс бағыттарына сәйкес келетін 4 басым бағытта жайылу үрдісіне ие.

Суреттерде белгіленген линеаменттер жарылымдардың, жарықшақтардың, мыжылу аймақтарының және басқа да геологиялық дислокациялар болуы мүмкіндігін көрсетеді, бұл минералдану процестеріне әсер етуі мүмкін негізгі аспект болып табылады. Сондықтан басқа әдістермен кешенді қолданылғанда құрылымдық талдау кенбілімдер индикаторларының бірі бола алады.



Сурет 4. (а) Линементтік өріс, (б) Ақтоғай кенорнының жарылымдары мен тарихи ұңғымаларының схемасы, линементтердің зерттелетін аумағының роза-диаграммасы ALOS DEM (в) деректері және жарылымдар схемалары (г).

Figure 4. (a) Lineament field, (b) fault diagram and historical wells of the Aktogay field, (c) rose diagrams of lineaments and fault diagrams (d).

Рис. 4. (а) Поле линементов, (б) схема разломов и исторических скважин месторождения Ақтоғай, (в) роза-диаграммы линементов и схемы разломов (г).

Нәтижелерді талқылау

Пайдалы қазбалардың жаңа кенорындарын табу мәселесін ескере отырып, атап айтқанда, жергілікті кенбақылаушы құрылымдары үшін құрылымдық ерекшеліктерге негізделген жаңа болжамды-іздістіру модельдерін әзірлеу және енгізу аса өзекті. Жарылымдардың әртүрлі аймақтарындағы металлогения геологиялық уақыт пен кеңістікте металдардың жинақталуына әсер ететін көптеген қолайлы факторлардың үйлесімімен анықталады. Жер қыртысының жарылымы жүйелері кенді ерітінділер мен органикалық қосылыстардың көші-қон жолдары болып табылады, сондай-ақ пайдалы қазбалардың кенорындарын қалыптастыруға қатысады немесе оған жағдай жасайды [9]. Бұл үзілісті құрылымдарды гидротермальды генезисті минералдануды бақылау үшін айқындаушы факторларының бірі ретінде қарауға мүмкіндік береді. Гидротермальды кен денелері мен жарылымдардың кеңістіктік-генетикалық байланысы туралы гипотеза кенорындарын болжау міндеттерін шешу үшін неғұрлым перспективалы болып қарастырылады.

Нақты аумақтың үзілісті жарылымдарының жалпы ансамблі арасында кенбақылаушы және рудалы құрылымдарды анықтау қарастырылатын аумақ үшін эталондық объектілер рөлін атқаратын игеріліп жатқан кенорындарын жан-жақты зерттеу арқылы мүмкін болады. Зерттеу

жұмыстары жағдайында эталондық объектілер ретінде Ақтоғай мысты порфир кенорны болып табылады.

Қойылған міндеттің идеясы жер бетіндегі тереңдік тектоникалық бұзылыстарды көрсететін линементтерді сәйкестендіруден тұрады. Бұл линементтер өз кезегінде вертикалды өткізгіш құрылымдар (арналар) болып табылады, олар бойынша флюидтер магмалық ошақтан тыстың үстіңгі қабаттарындағы рудалық құрылымдарға ауысқан.

Линементтер тығыздығының картасы Ақтоғай кенорнының аумағындағы жарықшақтар мен жарылымдардың саны көптігін көрсетеді (4-сурет), бұл жоғары өткізгіш аймақтардың болуын сипаттайды. Жер бедерінің сандық үлгісінің көмегімен линементтерді анықтау Ақтоғай кенорнына қатысты бағыты 305°, ал ұзындығы шамамен 2,5 км болатын рудалық денені қабаттар бойымен кесіп өтетін линементті анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бағыты 334° болатын солтүстік-батыс сызық анықталды, оның кен денесінің шығыс жағында ұзындығы 3 км-ден астам. Бұл линемент 4-суреттегі жарылымға сәйкес келеді, ол «диагональді» деп белгіленген, ал геологиялық есепте Икбас деп аталады. Кен денесі солтүстік және оңтүстік бөліктерінде солтүстік-шығыс бағыттағы бағыты 260° және ұзындығы 2 км-ден асатын линементтермен шектелген. Ақтоғай кенорнының сызбасынан көрініп тұрғандай, бұл линементтер Майлы-Қолдар және Оңтүстік-Қолдар жарылыстарын көрсетеді. Жоғарыда сипатталған линементтердің барлығы ғалымдардың диссертацияларда сипатталған жарылым тектоникасының және кенді реттейтін жарылымдардың сипаттамасымен сәйкес келеді [6, 7, 10].

Бұл бағыттар сандық көрсеткіштерде, атап айтқанда линементтер тығыздығы мен роза-диаграммада ерекшеленеді.

Агіфін және әріптестерінің (2021) зерттеуінде автоматты түрде сызықтық құрылымдарды анықтау дәлдігі RMSE арқылы бағаланып, әр түрлі сенсорларға байланысты шамамен 1,66 км ден 2,76 км ге дейінгі көрсеткіштер алынған. Ал біздің зерттеуде RMSE мөлшері 51,25 м болып, айтарлықтай аз – себебі біздің жұмысымыз локалдық масштабта, жоғары ажыратымдықтағы деректерге негізделген.

Алынған нәтиже перспективада геологиялық құрылымдарды неғұрлым толық және дәл талдау үшін қашықтықтан зерделеу, геофизика, геохимия және далалық бақылау деректерін біріктіретін кешенді болжамдық-іздістіру моделін құруда минералдану белгілерінің бірі ретінде қатысатын болады.

Далалық жұмыстар кезінде картаға түсірілетін құрылымдық элементтер неғұрлым дәл және сенімді болып табылғанымен, қашықтықтан құрылымдық талдаудың мүмкіндіктері өңірлік және жергілікті масштабта ізденістер жүргізуге мүмкіндік береді, бұл зерттеу аумағын және геологиялық барлау жұмыстарының құнын айтарлықтай тартылады.

Қорытынды

Зерттеу барысында автоматты түрде Ақтоғай кенорнының геологиялық объектілерін көрсететін линементті сызықтарды анықтау нәтижелері алынды. Бастапқы деректер ретінде ALOS жердің сандық үлгісі қолданылды. Өңдеу

барысында ұзындығы 600 метрден 3370 метрге дейінгі 91 линеамент анықталды. Анықталған линеаментті сызықтар солтүстік-батыс, солтүстік-шығыс және ендіктік бағытқа қарай айтарлықтай тенденцияны көрсетті, бұл алдыңғы геологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес келеді.

Келесі кезеңде Ақтоғай кенорны шегінде геологиялық және тектоникалық маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін линеаменттердің тығыздығын және бағдарын талдау болды. Рудалық дененің солтүстік және орталық бөлігінде линеаменттердің жоғарғы тығыздығы байқалды. Аталған бөліктер Ақтоғай, Кіші Қолдар және Икбас жарылымдар секілді аймақтық құрылымдарға қатысты.

Деректердің бұл жан-жақты талдануы зерттелетін аймақтағы линеамент популяциясының түбегейлі сипаттауға мүмкіндік берді, линеамент ұзындығы диапозонының кең ауқымын қамти отырып, қазіргі геологиялық ерекшеліктер туралы құнды түсінік берді.

Осы зерттеуде пысықталған әдістеме территориясы үлкен, қол жеткізу қиын өңірлерде немесе ашылымдар саны аз өңірлерде геологиялық линеаменттерді алу және талдау үшін тиімді құрал болуы мүмкін. Бұл геологиялық, тау-кен барлау жұмыстарының бірінші кезеңінде зерттелетін аумақ туралы құрылымдық ақпарат жинау барысында

уақытты оңтайландыруға және шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, тектоникалық аймақтарды анықтау үшін геокеңістік деректерді талдаумен (ұзындығы, тығыздығы, бағдары) линеаменттерді жартылай автоматты алуды үйлестіретін әдісті ұсынылады. Құрылымдық талдау басқа зерттеулермен бірге зерттелетін аумақтағы құрылымдық деформациялардың индикаторлары және перспективалы аймақтарды егжей-тегжейлі барлау үшін ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Линеаменттік талдаудың дәлдігі мен нақтылығын арттыру үшін дәстүрлі далалық зерттеулермен және валидациялаумен кешенді біріктіру ұсынылады. Бұл қателіктерді азайтуға және жергілікті жердің барлық геологиялық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Өрбір геологиялық өңірдің линеаменттердің қалыптасуы мен пайда болуына әсер ететін өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін. Өңірлік геологиялық жағдайларға алдын ала талдау жүргізу және әдістемені нақты жағдайларға бейімдеу туралы ұсыныс жасалынды.

АЛҒЫС

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды (ЖТН BR21882179).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Удхи Ч. Нугрохо, Тьяхжанингсих А. Минералды әлеуетті аймақтарды болжау үшін DEM SRTM деректерін пайдаланып сызықтық тығыздық туралы ақпаратты алу // Қашықтан зондтау және Жер туралы ғылымдардың халықаралық журналы. 2016. № 13 (1). Б. 67–74 (ағылшын тілінде)
2. Марокконың орталық жоғары атласындағы ASTER GDEM және Landsat 8 кескін деректерін біріктіру арқылы геологиялық сызықтарды алу және талдау / Абделухед Ф. [және т. б.] // Табиғи қауіптер. 2022. № 111. Б. 1907–1929 (ағылшын тілінде)
3. Бикелелейрон кен орнында (Чайоу массиві, Конго Республикасы) линияменттерді алу және палеострессерді талдау: ALOS PALSAR DEM және далалық зерттеу деректерін біріктіру / Ярсе Бродивье Мавунгу [және т. б.] // Жер жүйелері мен орталарын модельдеу. 2024. № 10. Б. 1993–2009 (ағылшын тілінде)
4. Ахмади Х., Уйгуджил Х. Қашықтан зондтау әдістерін пайдалана отырып, гидротермиялық өзгерістерді картаға түсіру арқылы Кабула блогындағы (Оңтүстік-Шығыс Ауғанстан) келешегі бар темір кен орындарын нысанаға алу // Араб геоғылымдары журналы. 2021. № 14. Б. 183 (ағылшын тілінде)
5. Темір кен орындарының геохимиялық сипаттамасы және жартылай құрғақ аймақтағы Landsat-8 деректерін өңдеу (геология, геоморфология және линиялар) және геокеңістіктік әдістерді қолдану / Лакшми Кешава Киран Кумар [және т. б.] // Үлгі. Жер жүйесі. Қоршаған орта. 2020. № 6. Б. 1245–1252 (ағылшын тілінде)
6. Калинина А.М., Сейров Ф.Е. Ұландырық және Ақсай (Таулы Алтай) мыс рудасының геологиялық-өнеркәсіптік типі туралы // Геология және жер қойнауын пайдалану мәселелері. 2023. № 1. Б. 84–85 (орыс тілінде)
7. Қалиева А.С. Ақтоғай мыс кен орнының кендері мен негізгі жыныстарының материалдық құрамын спектроскопиялық әдіспен бағалау: маг. дис., Алматы, 2021. 60 б. (орыс тілінде)
8. Элисанте Элисаймон Мишу. Цифрлық биіктік моделін (DEM) пайдаланып геологиялық құрылымдарды картаға түсіру – туынды ағын бағыты: Рунгве жанартаулық провинциясының жағдайлық зерттеуі, Танзанияның оңтүстік-батысы // Танзания ғылым журналы. 2020. № 46 (1). Б. 101–115 (ағылшын тілінде)
9. Stativa A.S., Trofimenko S.V., Grib N.N. Алдан қалқанының тектоникасы туралы бұрыннан бар ойларды талдау // Тау-кен ақпараттық-аналитикалық бюллетень. 2006. Б. 171–192 (in Russian)
10. Отарбай С.О. Ақтоғай мыс порфирлі кен орны кендерінің геологиялық құрылымы мен материалдық құрамы: маг. дис., Алматы, 2020. 33 б. (орыс тілінде)

REFERENCES

1. Udhi C. Nugroho, Arum Tjahjaningsih. Lineament density information extraction using DEM SRTM data to predict the mineral potential zones // *International Journal of Remote Sensing and Earth Sciences*. 2016. No. 13 (1). 67–74 (in English)
2. Extraction and analysis of geological lineaments by combining ASTER-GDEM and Landsat 8 image data in the central high atlas of Morocco / Abdelouhed F. [et al.] // *Natural Hazards*. 2022. No. 111. 1907–1929 pp. (in English)
3. Lineament extraction and paleostress analysis in the Bikéléléiron deposit (the Chaillu Massif, Republic of Congo): integration of ALOS-PALSAR DEM and field investigation data / Yarsé Brodivier Mavoungou [et al.] // *Modeling Earth Systems and Environment*. 2024. No. 10. 1993–2009 pp. (in English)
